Конкурстық құжаттамаға
2-3-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы	"Жасыл даму" акционерлік қоғамы
Ұйымдастырушының атауы	"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қазынашылық комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі
Лоттың №	88469621
Лоттың атауы	Персоналды ұсыну бойынша қызметтер
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	781011.000.000004
Қызметтің атауы:	Персоналды ұсыну бойынша қызметтер
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын қоспағанда бірлік бағасы:	1339389214
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	1339389214
Қызметтерді көрсету мерзімі:	шарт жасалған күннен бастап 15 күнтізбелік күн өткеннен кейін 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін
Қызметтерді көрсету орны:	Астана қ., Нұра ауданы Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай БАТЫР даңғылы, 11/5, 8
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12
Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	Техникалық ерекшелік персоналды ұсыну қызметін сатып алуға арналған 1. Қысқартулар, терминдер және анықтамалар 1.1. Өнім беруші – Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету үшін айқындаған тұлға. 1.2. Тапсырыс беруші – «Жасыл даму» акционерлік қоғамы. 1.3. Тараптар – Тапсырыс беруші мен Өнім беруші бірге аталған кезде. 1.4. Шарт – Қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт. 1.5. Қызмет – қызмет көрсету шеңберінде Тапсырыс берушіге талап етілетін персоналды ұсыну. 1.6. ТЕ – осы техникалық ерекшелік. 1.7. Өтінім – Тапсырыс беруші қалыптастыратын, Өнім берушінің міндеттемелерін орындауға, Мамандардың функционалдық міндеттерін орындауына қойылатын Тапсырыс берушінің шарттары мен талаптарын, сондай-ақ міндеттемелерді орындау шарттарын және (немесе) талаптарын өзгертуді (орындау тәртібі, мерзімі, режимі, кезеңдері, есепті кезеңдер үшін төлем шарттары және Өнім берушінің міндеттерін орындаудың өзге де аспектілері) қамтитын құжат. 1.8. Байланыс құралдары (өзара іс-қимыл, құжат айналымы) – Тараптардың уәкілетті өкілдері арасындағы іс-қимылдарды үйлестіру, құжаттарды келісу және бекіту, Өтінімдерді, хабарламаларды және өзге де хат-хабарларды жолдау мақсатында жүзеге асырылатын, ақпараттың жіберілу және жеткізілу фактісі мен уақытын тіркеуге мүмкіндік беретін, ақпаратты сенімді сақтауды және оған қол жеткізуді басқаруды қамтамасыз ететін өзара іс-қимыл тәсілдері (әлеуметтік желілердің мессенджерлері, электрондық пошта, пошта). 1.9. Персонал (бұдан әрі – Маман) – Өнім беруші Шарт шеңберінде осы ТЕ-де айқындалған мерзімге ұсынған, Тапсырыс берушіге талап етілетін қажетті маман. 1.10. Бекітілген орын – Тапсырыс беруші айқындаған, Маманның (Мамандардың) функционалдық міндеттерін орындау орны. 1.11. ҚР – Қазақстан Республикасы. 2. Қызметтің сипаттамасы 2.1. Қызметтер Шарттың шарттары мен талаптарына, осы техникалық ерекшелікке және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілуге тиіс. 2.2. Қызметтер Тапсырыс берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келетін, Тапсырыс беруші жүктеген функцияларды сапалы орындауға қабілетті Мамандарды Тапсырыс беруші айқындаған мерзімге қажетті санда (жалпы саны – 50 (елу) Маман) ұсынуды қамтиды. 2.3. Тараптар Шарт жасалған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде байланыс құралдарын (өзара іс-қимыл, құжат айналымы) және Қызметтерді көрсету барысында өзара іс-қимыл жасауға жауапты уәкілетті өкілдерді келіседі. 2.4. Қызметтерді көрсету шеңберінде Тараптардың өзара іс-қимылын, оның ішінде Мамандардың кандидатураларын келісуді, Өтінімдерді, хабарламаларды және өзге де хат-хабарларды жолдауды Тараптардың уәкілетті өкілдері ақпаратты жіберілу және жеткізілу фактісі мен уақытын тіркеуге мүмкіндік беретін келісілген байланыс құралдары арқылы жүзеге асырады. 2.5. Байланыс құралдары арқылы жолданатын ақпарат пен құжаттар ресми болып есептеледі және олар жіберілген сәтте адресатқа жеткізілген болып танылады. Электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданудың техникалық мүмкіндігі болмаған кезде онсыз жолданған құжаттар Тараптардың
	уәкілетті өкілдері қол қойған құжаттар болып есептеледі. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап бір күнтізбелік жыл ішінде тиісті байланыс құралдарында ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді. 2.6. Өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өнім берушімен еңбек қатынастарында тұрған Мамандарды тарту арқылы Тапсырыс берушінің Өтінімдері негізінде Қызметтер көрсетуге міндеттенеді. Мамандар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 137-1-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес белгілі бір жұмысты орындау уақытына Қызметтерді көрсету мерзімі шегінде 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге тартылады. 2.7. Өнім беруші Тапсырыс берушінің Өтінімдері негізінде Мамандарды Тапсырыс берушінің қарамағына, Мамандардың Бекітілген орындарына беруге байланысты барлық қажетті рәсімдерді (Мамандардың кандидатураларын іріктеу және келісу мен бекіту үшін Тапсырыс берушіге ұсыну, Қызметтерді көрсетуге тікелей байланысты өзге де қажетті іс-әрекеттер) Тапсырыс беруші тиісті Өтінімді жолдаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жүзеге асыруға міндеттенеді. Мамандардың кандидатураларын келісу және бекіту рәсімдерін Тараптар Байланыс құралдары арқылы жүзеге асырады. 2.8. Маманның кандидатурасын Тапсырыс берушінің келісуіне және бекітуіне ұсыну кезінде Өнім беруші кандидаттың мынадай құжаттарын және (немесе) олардың көшірмелерін дайындап, Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді: • жеке куәлік немесе паспорт; • Тапсырыс берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар (дипломдар, сертификаттар немесе біліктілікті арттыру курстарынан (семинарлар, тағылымдамалар, тренингтер) өткенін растайтын өзге де құжаттар, еңбек кітапшасы және (немесе) жұмыскердің еңбек өтілін қадағалауға мүмкіндік беретін, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер және (немесе) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 3-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттар); • соттылығының жоқ екені туралы анықтама; • сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы анықтама; • наркологиялық ұйымда динамикалық бақылауда тұрғаны (динамикалық бақылауда тұрмағаны) туралы мәліметтер; • № 086-У нысаны бойынша міндетті медициналық тексеруден өткені туралы анықтама; • қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талабы бойынша өзге де құжаттар немесе олардың көшірмелері; • «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кандидаттың дербес деректерін жинауға және өңдеуге, оның ішінде оларды Тапсырыс берушіге беруге келісімі. 2.9. Тапсырыс беруші Өнім беруші ұсынған Мамандардың кандидатураларын олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растау арқылы келісуге қатысуға құқылы, бұл ретте мамандарды іздеу, іріктеу және ресімдеу функцияларын жүзеге асырмайды. 2.10. Тапсырыс беруші Қызметтер көрсету үшін Маманның кандидатурасын ұсынған жағдайларда Өнім беруші мұндай кандидатураның біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге
	асырады. Өнім беруші Тапсырыс берушінің тиісті Өтінімін алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде осы Техникалық ерекшелікте көзделген тәртіппен Маманның Қызметтер көрсетуге тартылуын қамтамасыз етуге міндетті. 2.11. Қызметтерді көрсету орнын және Мамандардың Бекітілген орындарын Тапсырыс беруші осы Техникалық ерекшелікке Өтінімдерде айқындайды. 2.12. Қызметтерді көрсету шарттарын, оның ішінде Мамандардың функционалдық міндеттері мен Бекітілген орнын өзгерту осы Техникалық ерекшелікте белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушінің Өтінімдері негізінде жүзеге асырылады. 2.13. Тиісті Маманның Тапсырыс берушіге байланысты емес себептер бойынша, оның ішінде Маманның Өнім берушімен еңбек қатынастары тоқтатылуына байланысты Қызметтерді одан әрі көрсетуі мүмкін болмаған жағдайда, Өнім беруші осы Техникалық ерекшелікте белгіленген мерзімдерде және тәртіппен мұндай Маманды Тапсырыс берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келетін маманмен ауыстыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді. 2.14. Тапсырыс беруші Өтінімде Мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын, функционалдық міндеттерді, жұмысқа қабылдау күнін, еңбекақы төлеу деңгейін және Шарттың жалпы сомасы шегінде Қызметтерді көрсету мерзімін көрсетеді. Мамандардың (Қызметті көрсету шеңберінде Тапсырыс берушіге талап етілетін Өнім берушінің еңбек ресурстарының) тізбесі Қызметтерді көрсету мерзімі ішінде, белгіленген шығыстар сомалары шегінде, позицияларды ауыстыру арқылы, осы техникалық ерекшелікке № 1 қосымшаға сәйкес ресімделетін Тапсырыс берушінің Өтінімдері негізінде Шарттың жалпы сомасы шегінде түзетілуі мүмкін. 2.14.1. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Тапсырыс беруші Өтінім негізінде: 1) Мамандардың лауазымдарын (позицияларын), оның ішінде лауазымын (грейдін) жоғарылата не төмендете отырып ауыстыруға, лауазымдардың атауларын және олардың Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшелеріне бекітілуін, оның ішінде Тапсырыс берушінің ұйымдық құрылымы өзгерген кезде өзгертуге; 2) Мамандардың лауазымдар бойынша санын, оның ішінде бір лауазымдар бойынша санды басқа лауазымдар бойынша санды азайту есебінен ұлғайту арқылы өзгертуге, сондай-ақ Мамандардың жалпы санын азайтуға; 3) Маманның еңбекақы мөлшерін тиісті лауазым грейдінің шегінде, оның ішінде қызметті бағалау қорытындылары бойынша, басқа лауазымға ауыстырған кезде, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары өзгерген кезде өзгертуге; 4) Мамандардың Бекітілген орнын, жұмыс уақытының режимін (оның ішінде икемді, ауысымдық, қашықтан жұмыс істеу форматын), функционалдық міндеттерін және оларға қойылатын біліктілік талаптарын өзгертуге; 5) басқа Мамандар уақытша болмаған кезеңге Мамандарды тартуға (жүктілікке және босануға байланысты демалыс, бала күтімі бойынша жалақы сақталмайтын демалыс, ұзақ уақыт еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңіне алмастыру және т.б.); 6) нақты көрсетілген Қызметтерге ақы төлей отырып, жекелеген Мамандарға (позицияларға) қатысты Қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға не тоқтатуға құқылы. 2.14.2. Осы ТЕ-нің 2.14.1-тармағында көзделген
	түзетулер мынадай шарттар бір мезгілде сақталған кезде жүзеге асырылады: 1) Шарттың жалпы сомасы шегінде; 2) Тапсырыс берушінің штаттық жұмыскерлері лауазымдарының грейдтері шегінде; 3) Шартта пайызбен белгіленген Өнім берушінің сыйақысының (комиссиясының) мөлшерін өзгертпей; 4) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарын сақтай отырып. 2.14.3. Тапсырыс беруші Өтінім негізінде осы ТЕ-нің 1-кестесінің шығыс баптары (1-10-жолдар) арасында сомаларды Шарттың жалпы сомасы шегінде қайта бөлуге құқылы. 2.14.4. Өнім берушінің сыйақысы (комиссиясы) есепті кезеңде осы ТЕ-нің 1-кестесінің 1–10-жолдары бойынша нақты жұмсалған және құжатпен расталған шығыстардан Шартта пайызбен белгіленген мөлшерде есептеледі. 2.14.5. Осы ТЕ-нің 2.14.1–2.14.4-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылатын түзетулер Шартты жасасу кезінде Тараптар келіскен оны орындау тәртібі болып табылады, Шарттың жалпы сомасын, Өнім берушінің сыйақысының мөлшерін және Шарттың өзге де елеулі талаптарын өзгертпейді. Осы ТЕ-ге сәйкес жолданған Тапсырыс берушінің Өтінімдері Шартты орындау құжаттары болып табылады және Өнім беруші үшін орындалуға міндетті. 2.15. Осы ТЕ-нің 2.13., 2.14. тармақтарына сәйкес Қызметтерді көрсету тәртібіне өзгерістер енгізуге осы техникалық ерекшелікке № 1 қосымшаға сәйкес Өнім берушінің атына жолданған Тапсырыс берушінің тиісті Өтінімі негіз болып табылады. 2.16. Өнім беруші негізделген қарсылықтар және (немесе) ескертулер болмаған жағдайда, осы техникалық ерекшелікке № 1 қосымшаға сәйкес Өтінім жолданған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Тапсырыс берушінің Өтінімінің мазмұнына сәйкес өзгерістерді енгізуге (қабылдауға) міндеттенеді. Негізделген қарсылықтар және (немесе) ескертулер болған кезде Өнім беруші олардың бар екендігі туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге және осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген мерзім өткенге дейін мұндай қарсылықтарды және (немесе) ескертулерді реттеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. 2.17. Осы ТЕ-нің 2.13., 2.14. тармақтарына сәйкес Қызметтерді көрсету тәртібіне енгізілетін өзгерістер Тапсырыс берушінің тиісті Өтінімді қалыптастырып, Өнім берушіге жолдауы арқылы енгізіледі және Өнім берушінің негізделген қарсылықтары және (немесе) ескертулері тиісті Өтінім жолданған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Байланыс құралдары арқылы Тапсырыс берушіге келіп түспеген жағдайда, сондай-ақ Өнім беруші мұндай Өтінімді орындаған жағдайда, осы ТЕ-нің шарттары мен талаптарында өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, қабылданған болып есептеледі. 2.18. Өнім беруші, Маманды Бекітілген орындарда және Тапсырыс берушінің объектілерінде болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс беруші қолданатын нормативтік құжаттардың шарттары мен талаптарын, Бекітілген орындарда және Тапсырыс берушінің объектілерінде болу қағидаларын, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс және т.б. салалардағы қолданыстағы

	нормативтік актілердің ұйғарымдарын сақтауға міндетті. 2.19. Өнім беруші Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс беруші өз қызметінде қолданатын нормативтік құжаттардың талаптарын бұза отырып жасалған (жасалмаған) өзінің кез келген әрекеттері (әрекетсіздігі), Мамандардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, оның ішінде аталған тұлғалардың Тапсырыс берушіге материалдық, беделдік және (немесе) өзге де залал келтіруі (келтіруі мүмкін) әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жауапкершілікті толық көлемде өзіне алады. 2.20. Өнім берушінің Қызметтерді тиісінше көрсетпеуі, оның ішінде: 1) Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталмауы; 2) осы Техникалық ерекшеліктің 2.18-тармағында белгіленген талаптардың, оның ішінде Бекітілген орындарда және Тапсырыс берушінің объектілерінде болған кезде сақталуы міндетті Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының, қағидалары мен регламенттерінің бұзылуы; 3) еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың бұзылуы; 4) Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимінің бұзылуы; 5) көрсетілетін Қызметтердің осы Техникалық ерекшеліктің және Тапсырыс беруші Өтінімдерінің талаптарына сәйкес келмеуі, оның ішінде белгіленген рәсімдерден және Қызметтерді көрсету нәтижелеріне қойылатын талаптардан ауытқуларға жол берілуі түрінде көрінген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден әрбір анықталған бұзушылық фактісі үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызы мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға не Өнім берушіге тиесілі төлемдерден ұстап қалуға құқылы. 2.21. Өнім беруші Өнім берушінің әрбір Маманы мен Тапсырыс беруші арасында Тапсырыс беруші талап ететін нысан бойынша құпиялылық туралы келісім жасалуын Өнім берушінің Маманы міндеттерін орындауды бастағанға дейін қамтамасыз етуге міндеттенеді. 2.22. Өнім беруші қадрлық есепті жүргізу және құжаттарды ресімдеу үшін электрондық құжат айналымы жүйесінің болуын және пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. 2.23. Өнім беруші тарапынан құжаттарды жіберуге байланысты пошта шығыстары Өнім берушінің есебінен өтеледі. 2.24. Өнім беруші мыналар үшін жауапты болады: 1) кадрлық іс жүргізуді дұрыс және уақтылы ресімдеу; 2) тұындайтын кадрлық даулар; 3) тиесілі барлық төлемдерді уақтылы жүзеге асыру. 2.25. Өнім берушінің міндеттері: 1) Мамандарды қабылдау расталған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде еңбек шартын жасасу; 2) үлгілік еңбек шартында Тапсырыс берушінің қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттарымен міндетті түрде танысу және олардың ережелерін сақтау туралы тармақты көздеу; 3) Тапсырыс берушінің Өтінімінде көрсетілген талаптарды еңбек шартында қамтамасыз ету; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кандидаттар мен Мамандардың дербес деректерін жинауды, өңдеуді, сақтауды, беруді және қорғауды қамтамасыз ету; 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қадрлық іс жүргізу (жұмысқа қабылдау, демалыстар, шарттардың мерзімін ұзарту және оларды бұзу, әлеуметтік қамтамасыз ету, сыйлықақы
	төлеу мәселелері бойынша құжаттамалық ресімдеу), Мамандардың жеке істерін жүргізу; 6) Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Тапсырыс берушіге қызметтер көрсететін мамандар үшін Тапсырыс берушінің еңбекақы төлеуге қатысты және өзге де барлық ішкі нормативтік құжаттарын бейімдеу; 7) осы техникалық ерекшелікке № 2 қосымшаға сәйкес жұмыс уақыты есебінің табелін Тапсырыс берушіге ай сайын ұсыну; 8) Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Тапсырыс берушіге шарттың орындалуы туралы жиынтық есепті (жұмсалған қаражат, қаражаттың үнемделуі, мамандардың өтініштері және т.б. туралы) ұсыну; 9) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Мамандарға ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн болатын жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының берілуін қамтамасыз ету; 10) Тапсырыс беруші осы ТЕ-нің 4.2.3-тармағында көзделген төлемдерді жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, оларды Мамандарға Тапсырыс берушінің Өтінімінде көрсетілген мөлшерде және мерзімде уақтылы жүзеге асыру; 11) жұмысқа жіберілгенге дейін Мамандардың ерікті медициналық сақтандырылуын, сондай-ақ олардың еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырылуын қамтамасыз ету; 12) Мамандармен жасалатын еңбек шарттарында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 36-бабына сәйкес ұзақтығы 3 (үш) ай сынақ мерзімі туралы талапты көздеу. Сынақ нәтижелерін Өнім беруші Тапсырыс берушінің пікірін ескере отырып айқындайды; сынақ нәтижесі қанағаттанарлықсыз болған жағдайда Өнім беруші осы ТЕ-нің 2.13-тармағында көзделген тәртіппен Маманды ауыстыруды қамтамасыз етеді. 3. Қызмет көрсету шеңберінде Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынатын талап етілетін Мамандар № р/с Лауазымның атауы / мамандығы / мамандардың біліктілігі Сатып алу нысанасына сәйкес келетін саладағы біліктілікті және жұмыс тәжірибесін растау нысаны Мамандар саны 1 Тұтыну қалдықтарын және қалдықтардың жекелеген түрлерін басқаруды ұйымдастыру департаментінің менеджері 1) «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» (Қоршаған орта) не «Бизнес, басқару және құқық» не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 7 2 Кәдеге жарату төлемдерін бақылау департаментінің бас менеджері 1) «Бизнес, басқару және құқық» не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» не «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 3 Кәдеге жарату төлемдерін бақылау департаментінің менеджері 1) «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» (Қоршаған орта) не «Бизнес, басқару және құқық» не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік
	тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 3 4 Кәдеге жарату төлемдерін қабылдауды реттеу департаментінің бас менеджері 1) «Бизнес, басқару және құқық» не «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» (Қоршаған орта) не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» не «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 5 Кәдеге жарату төлемдерін қабылдауды реттеу департаментінің менеджері 1) «Бизнес, басқару және құқық» не «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» (Қоршаған орта) не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» не «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 3 6 ӨКМ қалдықтарын басқаруды ұйымдастыру департаментінің бас менеджері 1) «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» (Қоршаған орта) не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» не «Бизнес, басқару және құқық» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 7 ӨКМ қалдықтарын басқаруды ұйымдастыру департаментінің менеджері 1) «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» (Қоршаған орта) не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» не «Бизнес, басқару және құқық» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 3 8 Стратегиялық жоспарлау және жинытық-талдау жұмысы департаментінің бас менеджері 1) «Бизнес, басқару және құқық» не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» не «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 9 Стратегиялық жоспарлау және жинытық-талдау жұмысы департаментінің менеджері 1) «Бизнес, басқару және құқық» не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» не «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 3 10 Цифрлық объектілерді киберқорғау қызметінің менеджері 1) «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» не «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» (Математика және статистика) не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2)
	Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 2 11 Қоғаммен байланыс қызметінің менеджері 1) «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» не «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 12 Әкімшілік жұмыс департаментінің коменданты 1) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 2) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 13 Әкімшілік жұмыс департаментінің үй-жайларды жинау жөніндегі менеджері 1) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 2) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 14 Әкімшілік жұмыс департаментінің менеджері 1) «Бизнес, басқару және құқық» не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 15 Әкімшілік жұмыс департаментінің кеңесшісі 1) «Бизнес, басқару және құқық» не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» не «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 4 16 Әкімшілік жұмыс департаментінің архивариусы 1) «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (архив ісі, құжаттану) не «Бизнес, басқару және құқық» бағыты бойынша жоғары не техникалық және кәсіптік білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 17 Халықаралық келісімдер және қаиіпті қалдықтарды басқару департаментінің менеджері 1) «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» не «Бизнес, басқару және құқық» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 5 18 Кәдеге жарату төлемдерін өндіріп алу департаментінің бас менеджері 1) «Бизнес, басқару және құқық» (Құқық) бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 19 Кәдеге жарату төлемдерін өндіріп алу департаментінің менеджері 1) «Бизнес, басқару және құқық» (Құқық) бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 5 20 Адами ресурстарды басқару департаментінің менеджері 1) «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» (Әлеуметтік ғылымдар) не
	«Бизнес, басқару және құқық» не «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (Гуманитарлық ғылымдар, тілдер және әдебиет) не «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 2 21 АТ-инфрақұрылымын пайдалану департаментінің бас менеджері 1) «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» не «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» (Математика және статистика) не «Бизнес, басқару және құқық» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 22 АТ-инфрақұрылымын пайдалану департаментінің бас менеджері 1) «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 23 АТ-инфрақұрылымын пайдалану департаментінің бас менеджері 1) «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» не «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом. 2) Түйіндеме немесе қызметтік тізім. 3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірі. 1 Барлығы 50 Мамандардың лауазымдар бойынша саны Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшелерінің 2027 жылға арналған қажеттілігі негізінде айқындалған және Шарттың жалпы сомасы шегінде Тапсырыс берушінің Өтінімдерімен түзетілуі мүмкін (осы ТЕ-нің 2.14-тармағы). 4. Төлем шарттары: 2027 жылға арналған шығыстар сметасы 1-кесте № Шығыс бабының атауы Шығыстар сомасы 1 12 айға арналған еңбекақы қоры (лауазымдық айлықақылар) (I тоқсан – грейдтің ең төменгі мәні, II–IV тоқсандар – грейдтің медианалық мәні) 488 281 967,21 теңге 2 Сауықтыруға арналған материалдық көмек (емделуге арналған жәрдемақы) – 2 лауазымдық айлықақы 84 519 672,13 теңге 3 ҚНК орындау қорытындылары бойынша сыйақы – 4 төлемге дейін (тоқсан сайын) 1 лауазымдық айлықақыға дейін* 162 760 655,74 теңге 4 Мереке күніне арналған сыйлықақы – 1 лауазымдық айлықақыға дейін* 42 259 836,07 теңге 5 Жыл қорытындысы бойынша жылдық бонус – 2 лауазымдық айлықақыға дейін* 84 519 672,13 теңге 6 12 айға арналған салықтар (МЗЖ, ЖТС) 189 715 196,72 теңге 7 12 айға арналған жұмыс берушінің салықтары мен төлемдері (әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, МӘМС, МЗЖЖ) 184 109 975,00 теңге 8 Ерікті медициналық сақтандыру (1 Маманға 100 АЕК) 23 465 000,00 теңге 9 Жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (ЖОМС) 2 958 854,00 теңге 10 Іссапар шығыстары 20 000 000,00 теңге 11 Өнім берушінің сыйақысы (комиссиясы) – 56 798 385,00 теңгеден аспайды (1-10-жолдар сомасының 4,43 %-ы) 56 798 385,00 теңге Барлығы (ҚҚС-сыз) 1 339 389 214,00 теңге Ескертпе: 1-кестенің сомалары 50 (елу)
	Маманға 2027 жылдың 12 айына ҚҚС-сыз есептелген. Өнім берушінің сыйақысы (комиссиясы) мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша Өнім берушінің баға ұсынысы негізінде айқындалады және 56 798 385,00 (елу алты миллион жеті жүз тоқсан сегіз мың үш жүз сексен бес) теңгеден (1-кестенің 1–10-жолдары сомасының 4,43 %-ы) аспауға тиіс, өйткені шығыстардың жалпы сомасы 1 339 389 214,00 теңгеден аспауы тиіс. * «*» белгісімен белгіленген төлемдер Мамандар еңбекақысының кепілдік берілген (міндетті) бөлігі болып табылмайды. Көрсетілген сомалар шекті болып табылады: төлемдер негізгер болған кезде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес айқындалатын мөлшерде Тапсырыс берушінің Өтінімі негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Көрсетілген төлемдерді жүзеге асырмау не оларды аз мөлшерде жүзеге асыру Шарт талаптарын өзгерту болып табылмайды және Тапсырыс беруше тиісті сомаларды төлеу бойынша міндеттемелер туғызбайды. 4.1. Өнім берушінің Мамандарға жалақы төлеуге, салықтарды, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті сақтандыру жарналарын және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндетті төлемдерді төлеуге байланысты шығыстары тіркелген болып табылады және азайтылуға жатпайды, сондай-ақ Өнім берушінің баға ұсынысын қалыптастыру кезінде өзгерту нысанасы бола алмайды. Аталған шығыстар сомасы өзгерген жағдайда айырма Өнім берушінің есебінен өтелуге жатады. Тапсырыс берушінің Өтінімі негізінде осы ТЕ-нің 4.2.2-тармағына және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Мамандардың еңбекақы мөлшерін өзгерту Шарттың жалпы сомасы шегінде жүзеге асырылады және осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген шығыстарды өзгерту болып табылмайды. 4.2. Қызметтерге арналған шығыстардың жалпы сметасы, шығын түрлері: 4.2.1. Персоналдың еңбегіне ақы төлеуге көзделген шығыстар, сондай-ақ оларға ілеспе шығыстар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және еңбек қатынастары мен еңбекақы төлеуді реттейтін Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес барлық төлемдерді қамтиды. Мамандардың еңбекақысы Тапсырыс берушінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің штаттық жұмыскерлері лауазымдарының грейдтері шегінде, бірақ Тапсырыс берушінің ұқсас лауазымдағы штаттық жұмыскерінің лауазымдық айлықақысынан төмен емес мөлшерде (болған жағдайда) белгіленеді. Мамандардың еңбекақы төлеу шарттары, оның ішінде лауазымдық айлықақылар, сауықтыруға арналған материалдық көмек (емделуге арналған жәрдемақы), қызметтің негізгі көрсеткіштерін (ҚНК) орындау қорытындылары бойынша сыйақы, сыйлықақылар және жылдық бонус осы ТЕ-нің 4.2.3-тармағында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Тапсырыс берушінің тиісті лауазымдарғағы (грейдтерді) штаттық жұмыскерлеріне қолданылатын шарттарға ұқсас шарттарда белгіленуі мүмкін. 4.2.2. Әрбір Маман бойынша қызметтерге ай сайынғы төлем сомасы және лауазымдық айлықақылар схемасы Шартқа және күпия ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қойылғаннан кейін

	Өнім берушіге Тапсырыс берушінің Өтінімімен жеткізіледі. 4.2.3. Демалысқа берілетін материалдық көмек (емделуге арналған жәрдемақы) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған шарттарда және тәртіппен, онымен келісу бойынша беріледі. 2027 жылға арналған шығыстар сметасында (1-кесте) Тапсырыс берушінің штаттық жұмыскерлеріне арналған шарттарға ұқсас шарттарда Мамандарға жүзеге асырылуы мүмкін мынадай төлемдерге қаражат көзделген (1 Маманға жылына есептегенде): 1) сауықтыруға арналған материалдық көмек (емделуге арналған жәрдемақы) – жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына 2 (екі) лауазымдық айлықақы; 2) қызметтің негізгі көрсеткіштерін (ҚНК) орындау қорытындылары бойынша сыйақы – тоқсан сайын, тоқсанына 1 (бір) лауазымдық айлықақыға дейін (жылына 4 (төрт) төлемге дейін), тиісті тоқсанда Маманға белгіленген лауазымдық айлықақы негізге алына отырып; 3) мереке күніне арналған сыйлықақы – 1 (бір) лауазымдық айлықақыға дейін; 4) жыл қорытындысы бойынша жылдық бонус – жұмыс істелген уақытқа пропорционалды түрде 2 (екі) лауазымдық айлықақыға дейін. Осы тармақтың 2)-4) тармақшаларында көзделген төлемдер ынталандыру сипатында болады, кепілдік берілген болып табылмайды және осы ТЕ-нің 1-кестесінде көзделген сомалар шегінде, штаттық жұмыскерлер үшін Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген мөлшерде және тәртіппен, негізде болған кезде Тапсырыс берушінің Өтінімі негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Төлеу (төлемеу) не төлем мөлшері туралы шешімді Тапсырыс беруші қабылдайды және оны Өнім берушіге Өтініммен жеткізеді. 4.2.4. Мамандарды қызметтік іссапарларға жіберуді Өнім беруші Тапсырыс берушінің Өтінімі негізінде жүзеге асырады және ол іссапардың орны, мерзімі және мақсаты көрсетіле отырып, Өнім берушінің жұмыс беруші ретіндегі актісімен (бұйрығымен) ресімделеді. Мамандардың іссапар шығыстарын (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 127-бабына сәйкес тәуліктік ақы, жол жүру және тұрғын үй-жайды жалдау шығыстары) Өнім беруші алдын ала төлейді, кейіннен оларды Тапсырыс беруші осы ТЕ-нің 1-кестесінде көзделген сома шегінде, штаттық жұмыскерлер үшін Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және нормалар бойынша нақты жұмсалған және құжатпен расталған шығыстар бойынша өтейді. Іссапар шығыстарын растайтын құжаттарды Өнім беруші есепті ай үшін осы ТЕ-нің 4.3-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге ұсынады. 4.2.5. Ерікті медициналық сақтандыруға арналған шығыстар осы ТЕ-нің 1-кестесінде 1 (бір) Маманға 100 (жүз) АЕК есебінен көзделген, оларды Тапсырыс беруші Өнім беруші жасасқан сақтандыру шартының және сақтандыру сыйлықақысының төленгенін растайтын құжаттардың негізінде нақты шығындар бойынша өтейді. 4.3. Өнім беруші есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге осы техникалық ерекшелікке № 2 және № 3 қосымшаларға сәйкес құжаттарды келісуге ұсынуға міндеттенеді. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші осы техникалық ерекшелікке № 2 және № 3 қосымшаларда көрсетілген мәліметтерді нақтылау үшін қосымша
	мәліметтер сұратуға құқылы. 4.4. Өнім беруші 4.3-тармақта көрсетілген құжаттарды Тапсырыс беруші келіскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей (Тапсырыс беруші пайдаланатын) мемлекеттік сатып алу порталы арқылы Тапсырыс берушіге көрсетілген қызметтердің электрондық актісін жолдауға міндеттенеді. 4.5. Көрсетілген қызметтер үшін ақы төleуді Тапсырыс беруші Өнім беруші Тапсырыс берушінің Өтінімдеріне сәйкес нақты көрсеткен қызметтер үшін көрсетілген қызметтер актісін Тапсырыс беруші бекіткен және Өнім беруші осы ТЕ-нің 4.3-тармағында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ Шарттың шарттары мен талаптарына сәйкес төлем алдындағы құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. 4.6. Егер 2027 жылғы 15 желтоқсандағы жағдай бойынша Шарт бойынша Өнім беруші көрсеткен Қызметтердің көлемі осы ТЕ-де көзделген Қызметтер көлемінен төмен болса, Тапсырыс беруші нақты көрсетілген Қызметтердің құнын төлеуге міндеттенеді. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын азайту туралы тиісті қосымша келісімді жолдауға құқылы, ал Өнім беруші оған 2027 жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей қол қоюға міндеттенеді. 5. Қызметтерді көрсету мерзімі мен орны 5.1. Қызметтерді көрсету мерзімі: Тапсырыс берушінің Өтінімінде көрсетілген күннен бастап, бірақ Шарт жасалған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн өткеннен ерте емес, 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін. 5.2. Қызметтерді көрсетудің негізгі орны – Тапсырыс берушінің Астана қ. шегіндегі кеңсесі. Мамандардың қызметтік іссапарлары кезеңінде Қызметтер осы ТЕ-нің 4.2.4-тармағына сәйкес Астана қ. шегінен тыс жерлерде көрсетілуі мүмкін. Техникалық ерекшелікке № 1 қосымша персоналды ұсыну қызметін сатып алуға арналған Кімге: _____ ӨТІНІМ № ____ Осы арқылы «Жасыл даму» АҚ (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) _____ жылғы № _____ қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт негізінде Сізден мынадай іс-шараларды жүзеге асыруды сұрайды: 1. 2. 3. 4. *ресімдеу/қайта ресімдеу туралы өтінімде лауазымның атауын, біліктілік талаптарын, функционалдық міндеттерін, еңбекақы төлеу деңгейін, жұмысқа қабылдау күнін көрсету қажет *қызмет көрсетуді тоқтату туралы өтінімде аяқталу күнін көрсету қажет Күні: _____ Қолы: _____ Т.А.Ә. Техникалық ерекшелікке № 2 қосымша персоналды ұсыну қызметін сатып алуға арналған Жұмыс уақыты есебінің табелі _____ _____ Жұмыс уақыты есебінің табелі: Я - Жұмыс істелген күндер саны О - Жыл сайынғы негізгі ақылы еңбек демалысы Б - Заңнамаға сәйкес жәрдемақы тағайындалатын уақытша
	еңбекке жарамсыздық БС - Жалақы сақталмайтын демалыс Р - Жүктілікке және босануға байланысты демалыс (жаңа туған баланы асырап алуға байланысты демалыс) ОЖ - Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыс ПР - Жұмысқа себепсіз келмеу (заңнамада белгіленген уақыт ішінде дәлелді себепсіз жұмыс орнында болмау) К - Қызметтік іссапар П - Мереке күндеріндегі жұмыс ұзақтығы ПВ - Демалыс күндеріндегі жұмыс ұзақтығы С - Үстеме жұмыс уақыты Проч - Жұмыс уақытын өзге де пайдалану Техникалық ерекшелікке № 3 қосымша персоналды ұсыну қызметін сатып алуға арналған Құнды есептеу: № Т.А.Ә. Жалақы (GROSS) Айдағы жұмыс күндерінің саны Нақты жұмыс істелген күндер саны Нақты жалақы (GROSS) Уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша төлем Демалыс Демалысқа берілетін емделуге арналған жәрдемақы Мерекеге арналған сыйлықақы Сыйлықақы (3 ЕТЖ) Барлығы есептелді ЖТС МЗЖ МӘМС жарналары Ұсталым (атқарушылық парақтар және өзге де) Жұмыскерге төленетін сома Әлеуметтік салық Әлеуметтік аударымдар МӘМС аударымдары Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖЖ) Агенттік комиссиясы Міндетті сақтандыру бойынша төлемдер Барлығы есептелді ҚҚС 16% ҚҚС-пен бірге барлығы есептелді Өнім беруші: _____ Т.А.Ә.
Әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптар(қажет болған жағдайда көрсетіледі) (көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға жол берілмейді)	6. Әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып айқындалған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіге төмендегілердің бар екендігі туралы ақпаратты ұсынуы тиіс: 1. бухгалтерлік және салықтық есепті автоматтандырылған түрде жүргізуге, жалақыны есептеуге және кадрлық есепті жүзеге асыруға арналған бағдарламалық өнімнің бар екендігі туралы (көрсетілген бағдарламалық өнімді сатып алуды және (немесе) орнатуды растайтын құжаттар қоса беріледі), мұндай бағдарламалық өнім сатып алу рәсіміне дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын иеленілген және пайдалануға енгізілген болуы тиіс; 2. еңбек шарттарын және оларға қосымша келісімдерді жедел қол қоюға арналған бағдарламалық өнімнің (немесе) электрондық құжат айналымы жүйесінің (ЭҚАЖ) бар екендігі туралы (көрсетілген бағдарламалық өнімді сатып алуды және (немесе) орнатуды растайтын құжаттар қоса беріледі), мұндай бағдарламалық өнім сатып алу рәсіміне дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын иеленілген және пайдалануға енгізілген болуы тиіс; 3. персоналды функционалдық іріктеуге және іздеуге арналған бағдарламалық өнімнің бар екендігі туралы (көрсетілген бағдарламалық өнімді сатып алуды және (немесе) орнатуды растайтын құжаттар қоса беріледі).

Приложение 2-3
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Акционерное общество "Жасыл даму"
Наименование организатора	Республиканское государственное учреждение "Комитет государственного казначейства Министерства финансов Республики Казахстан"
Номер лота	88469621
Наименование лота:	Услуги по предоставлению персонала
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	781011.000.000004
Наименование услуги:	Услуги по предоставлению персонала
Единица измерения:	Одна услуга
Количество(объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	1339389214
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	1339389214
Срок оказания услуги:	по истечению 15 календарных дней с даты заключения договора по 31 декабря 2027 года
Место оказания услуги:	г.Астана, район Нұра г.Астана, район Нұра, Проспект КАБАНБАЙ БАТЫР, 11/5, 8
Размер авансового платежа:	0
Гарантийный срок (в месяцах)	12
